

Астана қаласының арнайы экономикалық аймағын құру туралы<*>

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1996 жылғы 9 қазан N 3127. Атауы мен мәтінінде сөздер өзгертілді - ҚР Президентінің 1999.03.31. N 104 жарлығымен. ~U990104 Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 2000.07.28. N 421 жарлығымен. ~U000421

"Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Z962823_ Заң күші бар Жарлығына сәйкес қаулы етемін:

1. Астана қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасы шегінде 2010

жылға дейінгі кезеңге Астана қаласының арнайы экономикалық аймағы құрылсын.

<*>

2. Астана қаласының арнайы экономикалық аймағы туралы ереже бекітілсін (қоса беріліп отыр).

<*>

3. Осы Жарлық 1997 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің 1996 жылғы
9 қазандағы N 3127
Жарлығымен
Бекітілген

Астана қаласының арнайы экономикалық аймағы туралы
ЕРЕЖЕ

<*>

Осы Ереже "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заң күші бар Жарлығына сәйкес әзірленді, Астана қаласының арнайы экономикалық аймағын құрудың мақсатын, оның аумағында шаруашылық қызмет жүргізудің құқықтық негіздерін, экономикалық шарттары мен принциптерін, Астана АЭА Әкімшілік кеңесінің өкілеттігін айқындайды, оның аумағында тіркелген және (немесе) қызмет атқаратын меншіктің барлық нысанындағы ұйымдарға қолданылады. <*>

I. Жалпы ережелер

1. Астана қаласының арнайы экономикалық аймағы (бұдан әрі - Астана АЭА) Астана қаласының әкімшілік-аумақтық шекарасының шегінде орналасқан. <*>

Астана АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасы аумағының ажырамас бөлігі болып табылады. <*>

2. Астана АЭА инвестициялар тарту және шаруашылық жүргізудің осы заманғы әдістерін, озық технологияларды пайдалану, кәсіпкерлік қызметті жандандыру, тиімділігі жоғары экспортқа бағдарланған өндірістер құру, жаңа өнім түрлерін шығаруды игеру, шет елдермен ғылыми-техникалық және сауда-экономикалық ынтымақтастықты интенсивтендіру, осы заманғы өндірістік және әлеуметтік инфрақұрылымдар құру жолымен Астана қаласын жедел дамыту мақсатында құрылды. <*>

3. Астана АЭА Қазақстан Республикасы Конституциясының, "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26 қаңтардағы N 2823 Заң күші бар Жарлығының, сондай-ақ арнайы экономикалық аймақтың ерекше құқықтық режиміне қайшы келмейтін бөлігінде өзге де заңдардың негізінде іс-қимыл жасайды. <*>

Егер Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шартта арнайы экономикалық аймақтар туралы заңдардағыдан өзгеше ережелер белгіленген болса, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

4. Астана АЭА аумағында ерекше құқықтық режим 2010 жылға дейінгі кезеңге белгіленеді. <*>

5. Астана АЭА-ның құқықтық режимі өзгерген немесе аумағының өзгеруін қоса алғанда, ол мерзімінен бұрын таратылған жағдайда, оның аумағында

инвестициялық қызметті жүзеге асыратын шаруашылық жүргізуші субъектілерге АЭА құрылған мерзім біткенше, бірақ он жылдан аспайтын уақытқа инвестицияларды салу сәтінде сай келетін шарттармен осындай қызметті жалғастыру құқығына кепілдік беріледі.

Оның мерзімі АЭА-ның құқықтық режимінің күші жойылған немесе өзгертілген күннен бастап есептеледі.

Шетелдік инвестициялар тартудың кез келген нысаны мен оларды пайдалануға байланысты Қазақстан Республикасының заңдарында тыйым салынбаған қызмет Астана АЭА аумағында қолайлылығы жағынан Қазақстан Республикасының жеке немесе заңды тұлғаларына берілгеннен кем болмайтын жағдайда жүзеге асырылады. <*>

II. Астана АЭА-ын басқару <*>

6. Астана АЭА аумағында басқару функциясын Әкімшілік кеңес жүзеге асырады, кеңесті республикалық және жергілікті мемлекеттік органдардың, АЭА аумағында тіркелген заңды тұлғалардың өкілдерінен оның төрағасы құрады. <*>

7. АЭА-ның Әкімшілік кеңесі заңды тұлға болып табылады.

8. Әкімшілік кеңесті сонымен бір мезгілде Астана қаласының әкімі

болып табылатын төраға басқарады.

<*>

9. Әкімшілік кеңестің төрағасы:

аймақты басқару құрылымы мен схемасына сәйкес Әкімшілік кеңесі аппаратының және оның құрылымдық бөлімшелерінің штатын қалыптастырады;

Әкімшілік кеңестің шешімдеріне қол қояды, өкімдер қабылдайды;

мемлекеттік органдармен, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан заңды тұлғалармен өзара қарым-қатынаста Әкімшілік кеңестің атынан өкілдік етеді;

Әкімшілік кеңестің мүлкі мен ақшалай қаражатына иелік етеді;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де міндеттерді атқарады.

10. Әкімшілік кеңесінің орналасқан жері:

Астана қаласы, Қазақстан Республикасы.

<*>

III. Әкімшілік кеңестің өкілеттіктері

11. Астана АЭА-ның Әкімшілік кеңесі:

<*>

АЭА-ның даму стратегиясы мен бағдарламасын әзірлейді және оны іске асырады;

АЭА-ның бюджетін қалыптастырады, бюджет қаражатын пайдалану бағыттарын айқындайды;

АЭА-ын дамыту және оны құрғандағы мақсатқа жету үшін отандық және шетелдік инвестициялар мен кредит қаражатын тартуды жүзеге асырады;

АЭА-ның аймағындағы экономикалық, әлеуметтік және мәдени қызметтің бағыттарын айқындайды;

АЭА-ның құқықтық режимін өзгерту туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізеді;

АЭА-нан тысқары жерлерде Әкімшілік кеңестің өкілдіктерін ашу туралы шешімдер қабылдайды;

АЭА-ның аумағында қызметін жүзеге асырушы шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастарын реттеуге жәрдемдеседі;

жерді пайдалану, АЭА-ның аумағында орналасқан үйлер мен ғимараттарды жалдау, сондай-ақ инфрақұрылым объектілерін жеңілдікпен пайдалану мәселелері жөнінде шешімдер қабылдайды;

АЭА-ның аумағына келу және АЭА-ның аумағынан кету жөнінде рұқсат беру функцияларын атқаратын органдардың қызметі үшін қажетті жағдайлар жасайды ;

АЭА-ның қызметін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңды және жеке тұлғалармен шарттар жасасады;

АЭА-ның басқару схемасы мен құрылымын, сондай-ақ Әкімшілік кеңес пен оның құрылымдық бөлімшелерінің аппараты сандық құрамын айқындайды;

нысаналы қаржы қорларын, соның ішінде АЭА-ның әлеуметтік-экономикалық даму қорын құрады, сондай-ақ оларды қалыптастыру көздерін айқындайды;

ақылылық шартымен табиғаттың арнайы пайдаланылуын ұйымдастырады,

сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес табиғат ресурстарын пайдалану саласындағы шаруашылық қызметті реттеу тәртібін белгілейді;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

12. Әкімшілік кеңес өз құзыреті шегінде Астана АЭА аумағында іс-қимыл жасайтын барлық заңды және жеке тұлғалардың орындауы үшін міндетті шешімдер қабылдайды.

<*>

13. Әкімшілік кеңестің Астана қаласының мәслихатымен өзара қарым-қатынасы Қазақстан Республикасының жергілікті өкілді және атқарушы органдар туралы заңдарымен реттеледі.

IV. Қаржы

14. Астана АЭА-ның бюджеті сонымен бір мезгілде Астана қаласының бюджеті болып табылады.

<*>

АЭА бюджетін оның Әкімшілік кеңесі қалыптастырады.

АЭА аумағында салық төлеушілер ретінде тіркелген заңды және жеке тұлғалар төлейтін жалпымемлекеттік және жергілікті салықтар мен алымдар Астана АЭА бюджетінің кірісіне есептеледі. <*>

Арнайы қорларға жасалатын қолданылып жүрген заңдарда көзделген төлемдер АЭА бюджетін қалыптастыру көзі бола алмайды.

Астана АЭА бюджетінің жоғары тұрған бюджетпен өзара қарым-қатынасы АЭА бюджетіне түскен түсімдердің жалпы сомасынан жасалатын аударымдардың ұзақ мерзімді тұрақты нормативі арқылы айқындалады. <*>

Жыл сайынғы аударымдар нормативі 1997 жылға - 40%, 1998 жылға - 40%, 1999 жыл мен Астана қаласы АЭА қызметінің барлық кейінгі кезеңіне 50% мөлшерінде белгіленеді. <*>

ЕСКЕРТУ. 14-тармақ өзгерді - ҚР Президентінің 1998.03.19. N 3872 жарлығымен. U983872_

15. Астана АЭА-ның Әкімшілік кеңесі АЭА-ның инвестициялар қорын әрі экономикалық және әлеуметтік даму қорын (бұдан былай - АЭА-ның нысаналы қаржы қорлары делінеді) құрады. <*>

АЭА-ның нысаналы қаржы қорлары бюджеттің бос қаражаты, аударымдар мен салықтық емес сипаттағы алымдар, саудаластықтар, аймақтық лотереялар, займдар өткізуден түскен кірістер, заңды және жеке тұлғалардың ерікті жарналары мен қайырмалдығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарында тыйым салынбаған өзге де көздердің есебінен құралады.

АЭА-ның нысаналы қаржы қорларының қаражаты заңдарда белгіленген тәртіппен бюджеттен тыс шоттарда жинақталады әрі Астана АЭА-ның және Қазақстан Республикасының жаңа астанасының даму бағдарламасында көзделген шараларды қаржыландыруға жұмсалады. Нысаналы қаржы қорларының қаражатына иелік етуші Ақмола АЭА-ның Әкімшілік Кеңесінің Төрағасы болып табылады.

<*>

V. Банк қызметі

16. Астана АЭА-ның аумағында банк қызметі Қазақстан Республикасының банк заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

<*>

17. Шетел инвесторлары Астана АЭА-ның аумағындағы банктерде Қазақстан Республикасының банктер мен валюталық реттеу туралы заңдарына сәйкес ұлттық және шетелдік валютада шоттар ашуға хақылы.

<*>

VI. Салық салу

18. Астана АЭА-ның аумағында салық салу Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес жүзеге асырылады.

<*>

АЭА-ның аумағында тіркелген шаруашылық жүргізуші субъектілерге Қазақстан Республикасының салық заңдарына сәйкес салық салудың жеңілдікті режимі қолданылады.

VII. Кедендік реттеу

19. Астана АЭА-ның аумағы Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес еркін кеден аймағы режимі қолданылатын Қазақстан Республикасының кеден аумағынан тыс тұрған аумақ ретінде қарастырылады. <*>

20. Астана АЭА-ның аумағындағы кедендік бақылауды Қазақстан Республикасы кеден органдарының бірыңғай жүйесіне енетін кеден қызметі жүзеге асырады. <*>

21. АЭА-ның аумағына әкелінетін және осы аумақтан әкетілетін тауарлар Қазақстан Республикасының кеден заңдарына сәйкес кедендік ресімдеуге және кедендік бақылауға жатады.

22. Астана АЭА-ның аумағына шетел және Қазақстан тауарлары әкелінген кезде кеден бажы мен салық алынбайды және экономикалық саясат шаралары қолданылмайды. <*>

23. Толығымен Астана АЭА-ның аумағында өндірілген немесе кеден заңдарында белгіленген өлшемдерге сәйкес жеткілікті түрде қайта өңдеуден өткізілген тауарларға оларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге экспортқа шығарған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының кеден аумағының қалған бөлігіне әкелген кезде кеден бажы алынбайды және экономикалық саясат шаралары қолданылмайды. <*>

24. Тауарларды Астана АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне әкеткен кезде және тауарларды Астана АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкеткен кезде тауарлардың шыққан жеріне қарай кеден бажы мен салық алынады және экономикалық саясат шаралары қолданылады. <*>

Тауарларды Астана АЭА-ның аумағынан Қазақстан Республикасы кеден аумағының қалған бөлігіне әкелген кезде белгіленген нысандағы тауардың шығарылған жері туралы сертификаты болса, Кеден одағына қатысушы мемлекеттердің аумағында өндірілген тауарларға кеден бажы салынбайды. <*>

VIII. Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және олардың қызметін лицензиялау

25. Астана АЭА-ның аумағында құрылған заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу, сондай-ақ олардың филиалдары мен өкілдіктерін есептік тіркеу Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. <*>

26. АЭА-ның аумағында орналасқан барлық заңды тұлғалар меншік нысанына қарамастан мемлекеттік тіркеуге жатады.

Заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері оларға заңды тұлға құқығы берілмей есептік тіркеуге алуға жатады.

27. Шаруашылық жүргізуші субъектілерді мемлекеттік тіркеу Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (жалпы бөлім), "Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына, "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына және мемлекеттік тіркеу мәселелерін реттейтін басқа да актілерге сәйкес жүргізіледі.

28. Астана АЭА-ның аумағында шаруашылық жүргізуші субъектілер жүзеге асыратын қызметті лицензиялау Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі. <*>

IX. Шетел азаматтарының Астана АЭА-да болу тәртібі <*>

29. Астана АЭА-ның аумағында шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының келуі, кетуі, транзиті және болуы үшін Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасы қатысушы болып табылатын халықаралық келісімдерде белгіленген тәртіп қолданылады. <*>

30. Шетел азаматтарының және азаматтығы жоқ адамдардың, сондай-ақ олардың көлік құралдарының Астана АЭА-ның аумағына келуін, кетуін, транзитін және болуын ресімдеу үшін орталық атқарушы органдар өздерінің тиісті бөлімшелерін құрады. <*>

X. Қорытынды ережелер

31. Осы Ережеде белгіленген шарттар Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен өзгертілуі мүмкін.

32. Астана АЭА-ы құрылған мерзімі өткеннен кейін таратылады. <*>

33. Астана АЭА-ы "Қазақстан Республикасындағы арнайы экономикалық аймақтар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 26

қаңтардағы N 2823 Заң күші бар Жарлығында көзделген негіздер бойынша таратылады. <*>

34. Астана АЭА-ы құрылған мерзімі өткеннен кейін таратылатын жағдайда оның Әкімшілік кеңесі Қазақстан Республикасының Үкіметіне және Президентіне өзінің қызметі туралы есебін, ал тиімді деп тапқан жағдайда - қосымша мерзімге АЭА-ның мәртебесін ұзарту туралы ұсынысын жолдайды. <*>

35. Астана АЭА-ның қызмет мерзімі өткеннен кейін әкімшілік кеңесінің төрағасы заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне Астана АЭА-ның Әкімшілік Кеңесінің таратылу процесінде екені туралы мәліметті енгізу үшін Әкімшілік кеңеске мемлекеттік тіркеу жүргізген әділет органдарына оның таратылуы туралы жазбаша хабарлайды. <*>

Сонымен бір мезгілде Әкімшілік кеңесінің төрағасы жергілікті және орталық баспасөз органдарында Астана АЭА-ның таратылуы жөнінде, оның Әкімшілік кеңесі кредиторларының шағымдарын мәлімдеу тәртібі мен мерзімі туралы хабарлама жариялайды. <*>

Заңды тұлғалардың мемлекеттік тізіліміне тиісті жазба енгізілгеннен кейін Астана АЭА-ын тарату аяқталған болып саналады. Астана АЭА-ын тарату оның қызмет мерзімі өткен күннен бастап алты айдан кешіктірілмей аяқталуға тиіс. <*>

36. Қазақстан Республикасының Президенті Астана АЭА-ын мерзімінен бұрын тарату туралы шешім қабылдаған жағдайда тарату рәсімі осы Ереженің 34-тармағында көзделген тәртіппен жүргізіледі. <*>